

«Бекітемін»
№1 «Ақерке» бөбекжай-балалық бастауыш мектеп-бағдарламасының
Менеджері: Жусупова Г.А.



«Жануарлар әлемі»

(Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)



Тәрбиеші: Ильясова Г

Қазалы қаласы

2025-2026 оқу жылы

Білім беру саласы: Таным, Қатынас, Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: Жануарлар әлемі

Мақсаты: Білімдік: Балалардың жануарлар туралы білімдерін кеңейту, үй және жабайы жануарларды ажырата білуге үйрету.

Дамытушылық: Балалардың сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін және есте сақтау дағдыларын дамыту.

Тәрбиелік: Табиғатты қорғауға, жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Жануарлардың суреттері, ойыншықтар, табиғат бейнесі бар плакат, интерактивті тақта.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын, көрнекілікпен жұмыс, сергіту сәті.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Сәлемдесу, көңіл-күй шеңбері:

«Қуанамын мен де

Қуанасың сен де

Қуанамыз бәріміз

Арайлап атқан күнге

2. Тақырыпқа кіріспе

Тәрбиеші:

Балалар, бүгін біз жануарлар әлеміне саяхатқа шығамыз!

Жабайы аңдармен танысатын боламыз Олар қайда өмір сүреді? Не жейді?

Кәне, бірге білеік!


(Жануарлар суреттері көрсетіледі)

Балалар оларды атап, үй жануары ма, жабайы ма — соны айтады.

3. Негізгі бөлім

Ойын: “Үй жануары ма, жабайы жануар ма?”

Тәрбиеші: жануарлардың суреттерін көрсетеді, балалар екі топқа бөліп орналастырады.



1-ші тапсырма:

“Жануарлар бейнесін ермексаз көмегімен толықтыру



2-ші тапсырма:

Жіңішке қағаздардың қиындыларды керіктің мойынына ретімен жапсыру



Қимыл-қозғалыс ойыны:

“Жануарлардың бейнелерін тауып орын орнына қою






4. Сергіту сәті

Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды
Ойлы қырлы жерлермен
Ытқып ытқып жүгірді
Қарап еді артына
Қиығын салып көзінің
Келе жатқан томпаңдап

Көжегі екен өзінің



5. Қорытынды бөлім

Тәрбиеші сұрақтар қояды:

жануарлардың баласының атауы?

Жабайы жануарлар қайда өмір сүреді?

Жабайы жануарлар немен қоректенеді?

Біз жануарларға қалай қамқор боламыз?

Қорытынды:

Жануарлар — біздің досымыз,

Оларды қорғау — борышымыз

Балаларды мақтау мадақтау.



№1 «Акерке» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі Толыбай Жазира Әзірбайқызы

Топ: «Балауса» ортаңғы топ

Ұйымдастырылған кіріктірілген ойын іс-әрекеті: Сурет салу, тіл дамыту, құрастыру, жапсыру, музыка,

Ұйымдастырылған ашық ойын іс-әрекеті: Сурет салу

Ұйымдастырылған ашық ойын іс-әрекет тақырыбы: «Әдемі оюлар»

Мақсаты: Балаларды қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерімен таныстыру.

Ою-өрнектің мағынасын түсіндіру және ойын арқылы қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

- Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.
- Ою-өрнек түрлерімен таныстыру (қошқармүйіз, қазмойын, түйетабан т.б.)
- Ойын арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
- Қиялын, шығармашылығын дамыту.
- Ұқыптылыққа, әсемдікке баулу.
- Ұлттық өнерге, салт-дәстүрге деген құрмет сезімін арттыру.

Әдіс-тәсілдер: Командамен жұмыс, сыни ойлау, бала үні, бейнеролик, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап,

Жаңа сөздер: қошқармүйіз, қазмойын, түйетабан

Қажетті құрал-жабдықтар:

- Ою-өрнек суреттері
- Қиылған ою бөлшектері
- Қағаз, желім

Ұйымдастыру кезеңі:

Жылулық шеңбері:

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Қазір жылдың көктем мезгілі

-Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?

- Күн жылынады, құстар жылы жақтан ұшып келеді.

- Ағаштар бүршік жарады.

-Жарайсыңдар балалар!

Балалар, сендер оюлар әлеміне саяхат жасағыларың келе ме?

Балалар:

-Иә

Балалар, назарымызды экранға аударайық.

Кіріспе бөлім:

«Оюлар сөйлейді» бейнеролик

* Ою түрлерін түсіндіру.

* Сұрақ-жауап

* Бұл не?

* Қай жерден көрдіңдер?

* Үлгі көрсету.

Ендеше, карточка арқылы топқа бөлінеміз.

(Қошқармүйіз, қазмойын, түйетабан) оюлары арқылы үш топқа бөлінеді.

Негізгі бөлім:

Ойын: «Оюды құрастыр»

Мақсаты:

* Балалардың логикасы мен шығармашылығын дамыту.

* Балаларға қиылған ою беріледі.

* Сол бөліктерден толық ою құрастырады.

Ойын: «Әдемі ою»

Мақсаты:

* Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.

* Түстерді үйлестіре білу дағдыларын дамыту

* Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу

Ойын: «Текеметті өрнектейміз»

Мақсаты:

* Текемет бетіне оюды құрастырады.

* Ұқыптылыққа, әсемдікке баулу

* Қиялын және ұсақ қол моторикасын дамытады.

Қимылды жаттығу:

«Ою болып иілеміз,

Әдемі болып билейміз.

Шеңбер жасап айналып,

Көңілді біз жүреміз!»

Қорытынды сұрақтар:

-Балалар, сендер қандай ою түрлерін білдіңдер?

-Кім қандай ойын тапсырманы орындады?

Сендерге бүгінгі ашық ойын іс-әрекеті ұнады ма?

Мадақтау

Балаларды мақтау, смайлики беру.



Әдемі оюлар



«Бекітемін» _____
№1 «Акерке» төбекжәй – балабақша
менгерушісі: І. Жусупова



«Тілім менің-тірегім!»



Тәрбиешілер: Толыбай Жазира

Ильясова Гулзат

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Тілім менің тірегім!»

Мақсаты: Балаларға мемлекеттік тілдің маңызын түсіндіру. Тілге деген сүйіспеншілікті арттыру. Өз ұлтына, ана тіліне деген құрметке тәрбиелеу.

Кіріспе сөз:

Тәрбиеші: Армысыздар, құрметті апайлар және балалар!

«Тірлім менің тірегім!» атты мерекелік кешімізге хош келдіңіздер!

Балалар, бүгін ерекше мерекені атап өтеміз.

Бүгін тілдер күні, яғни Ана тіліміздің мерекесі!

Тіл -халықтың жаны, жүрегі. Әр халықтың өз ана тілі болады.

Бүгін барлық ұлт өкілдерінің өз ана тілін қадірлейтін, құрметтейтін күні.

-Қазақстан -көп ұлтты мемлекет. Бізде 130 дан аса ұлт өкілдері тұрады. Олар өзара тату-тәтті, достықта өмір сүреді.Ал, біздің мемлекеттік тіліміз- қазақ тілі. Біз өз ана тілімізді сүйеміз, құрметтейміз.

Негізгі бөлім:

Ғажайып сәт!

Шет мемлекеттен қонақ келеді.

-Сәлеметсіңдерме балалар!

-Балалар, бұл қай мемлекет?

-Қазақстан Республикасы

-Бұл мемлекеттің бас қаласы қай қала?

-Астана қаласы

-Мен сендердің мемлекеттерің туралы толығырақ білгім келіп отыр, маған көмектесесіңдер ме?

-Иә, көмектесеміз.

- ҚР Елбасы кім?

-Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев

-ҚР ның мемлекеттік тілі қай тіл?

-Қазақ тілі

Тәрбиеші: Балалар, келген қонағымызға мемлекетіміздің әнұранын орындап берейік.

Балалар Әнұран орындайды.

- Ана тілі туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Тақпақ

Үміт:

1. Ана тілім-ардағым,
Сен деп соғар жүрегім.
Сені сүйіп өтемін,
Тілім менің- тірегім!

Аружан:

2. Ана тілім- арайлы,
Бал-бұл жанған талайлы.
Тілім барда тірімін,
Тілім менің арайлы!

Ахмет:

3. Тілім менің қазынам,
Саялаған өз ұям.
Анам өзі үйреткен,
Сөйле деген сөзбенен.

Ару:

Ана тілің біліп қой,
Еркіндігің, теңдігің.
Ана тілің біліп қой,
Мақтанышың елдігің.

Жұпар:

Өсірген ой -білімді
Сүйем туған тілімді
Мақсат етем әр сөздің,
Мәнін терең білуді.

Үміт

Әжем менің асыл жан
Жақсылыққа үйретіп,
Жамандықтан шектейді
Әжеме ешкім жетпейді.
Әкетайым, әкешім
Жақсы көрем, мен сізді
Құрметтеп мәңгі өтемір,
Мәпелеген өзімді.

Мақал- мәтел

Әмірхан:

1. Ана сүті бой өсіреді,

Ана тілі ой өсіреді.

Нұрәли:

2.Туған ел тұғырын

Туған тіл қыдырын

Ойын: «Киіз үй құрастырамыз»

Ән: «Атамекен»

Қорытынды бөлім:

Тәрбиеші:

-Тілді білуіміз үшін не істеуіміз керек?

Балалар: Кітап оқу, тыңдау, тақпақ жаттауымыз керек

-Тілімізді сүйеу- Отанымызды сүйеумен тең.

Тіліміз біздің қазынамыз, оны бағалай білуіміз керек.



Тілім менің – тірегім!

Бекітетін
№1 «Ақерке» тәрбиесі-балабақшасының
меңгерушісі *Г.Жусупова*



«Аяулы Анашым!»

Балауса ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Толыбай Ж.

Ильясова Г.



2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы: «Ананың аялы алақаны»

Көрініс «Ана туралы»

Би: «Асыл Ана» (барлық балалар)

I Жүргізуші

Құрметті аналар!, әжелер сіздерді әйел жанымен байланысты тамаша көктем мерекесі – 8 Наурызбен шын жүректен құттықтаймыз! Алғашқы көктем мерекесі жер бетіне өмір сыйлаушы нәзік, ақылды, сымбатты, мейірімді жандарға арналғаны қандай тамаша мереке! Әлемдегі ең асыл жан ол – Ана десек, жүрегімізде сүйікті жанға деген махаббат сезімі оянады.

II жүргізуші:

Ана бұл аяулы да, мейірімді жан. Баланың тілі шыққаннан – ақ бірінші сөзін «Ана» деп айтады. Өмірдің есігін ашқаннан соң осы өмірдегі өзіңнің жан ананды көресің. Осы бір «АНА» деген үш әріптің аясында адамзат баласын қуаныш сыйлар қаншалықты қасиет бар десеңші!

Олай болса, бүгінгі аналарға, әжелерімізге арналған «Балауса» ортаңғы тобының бүлдіршіндерінің «Ананың аялы алақаны!» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

I жүргізуші: Ертеңгілігімізді бастау үшін алғашқы сөз кезегін балабақша меңгерушісі Гулжазира Әлиқызына береміз.

Сіздің құрметіңізге Аружан қызымыздың «Ана» әнін қабыл алыңыз!

Жүргізуші:

«Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры тастай мұзды да жібітеді» — демекші, балаларымыздың аналарына арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

Жарқын жезді жан анам
сендей болсын бар адам
сендей болса бар адам
шаттық кетпес баладан

Құланбай Үміт

Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған,
Анашым деп мақтанам,
айналайын ақ анам!

Ерболат Ахмет

Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті аналар.

Хайрулла Нұрәли

Құтты болсын ақ анам
Сегізінші науырызың!
Қасымда бол әрқашан

Жансын жарық жұлдызың, Шынжырбай Аружан
Тілейді бақыт бір саған
Әлпештеген ұл - қызың.

Той пердесін ашайық,
Тойға шашу шашайық.
Аналарды құрметтеп,
Биден шашу шашайық.

Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Аналардан тарайды Айдар Жандәулет
Біздің ана тіліміз.

Мәпелейсің мені анам
Қолыңдағы құсындай
Құлпыра өсіп дем алам Құдайберген Аяжан
Құшағыңда қысылмай.

Хор: «Торғай»

Вальс: Қыздар әкелерімен

Тақпақтар:

Ақ жаулықты әжемді
Ай жүзіне теңедім
Мейірімін таусылмас Қазулла Әмірхан
Күн нұрына теңедім.

Теңдесі жоқ данасың
Арқа сүйер панасың
Еңбегінді ақтаймын Жетербай Жұпар
Аман болшы анашым

Бәріңіз де анасың
Біз үшін күн боп жансың
Құтты болсын мейрамың Сансызбай Әзиз
Құттықтаймын анашым

Аспандағы айымсың
Бақытыма балаған
Құтты болсын мерекен Серғазы Ару
Айналайын жан анам.

Әлпештеген аялаған
Ақ сүт берген апатайым **Әлімбек Асылым**
Сәлем жазып бүгін саған
Мейрамыңмен құттықтаймын

Ақ мамамды әрқашан,
Сағынамын, сыйлаймын.
Мейрам сайын мен оған, **Тимурұлы Артур**
Түрлі сыйлық сыйлаймын.

Ән: «Әжемнің шайы»

Жүргізуші:

Аналар ақ тілекті, сөз көп дейін,
Жылытар жүрегінді көз көп дейін
Аналар ақ жаулықты бұл сіздерге
Қол соғып қарсы алайық жігіттеріміздің биін

Жігіттер биі: «Көңілді би»

Жүргізуші:

Мерекені қарсы алып,
Мәз болғанда барша жұрт,
Гүл ұсынып қыздарға,
Сыйлық бердім мен өзім — дей отырып қыздарға арналған сыйлығымызды
табыс етуге рұқсат етіңіздер.

(Ұлдар қыздарға сыйлықтарын табыс етеді)

Жүргізуші: Бөбегіңнің сыйлығын,

Қабыл алшы анашым
Ұзақ өмір жүз жасап
Ауырмашы анашым!

Аналар, қалқып бақыт аралында,
Лайым мұң қонбасын жанарыңа
Осымен кешімізді аяқтайық
Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа — дей отырып бүгінгі «Ананың аялы алақаны»
атты ертеңгілігіміз аяқталды. Ардақты аналар мерекелеріңіз құтты болсын!
Сау саламатта болыңыздар!

Балалар хормен:

«Анамызға мың алғыс, баршаңызға мың алғыс!»



Қош келдің, Өз-Наурыз!



Тәрбиешілер: Толыбай Ж

Ильясова Г

2025-2026 оқу жылы

Наурыз мерекесі «Тұсаукесер» салт- дәстүрі

Мақсаты: Балаларға қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерін таныстыру, тұсаукесер дәстүрінің мағынасын түсіндіру, ұлттық құндылықтарды құметтеуге тәрбиелеу.

Жүргізуші 1

Армысыздар, құрметті қонақтар, ата-аналар және бүлдіршіндер!

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі құтты болсын!

Жүргізуші 2 Қош келдіңіздер, қадірлі көрермендер! Бүгін біз ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүрімізді жаңғыртып, береке мен бірліктің, татулықпен жаңарудың мерекесін бірге қарсы алмақпыз.

Наурыз -тек жаңа жылдың бастауы ғана емес, ол-өткенге тағзым, бүгінге шүкір, ертеңге үміт артатын ерекше күн. Ендеше бүгін біз қазақ халқының әдемі салт-дәстүрінің бірі- Тұсаукесер дәстүрін тамашалаймыз.

Жүргізуші 1

Қазақ халқы баланың алғашқы қадамына ерекше мән берген. Бала тәй-тәй басып жүре бастағанда, оның жолы ашық, қадамы нық болсын деп тұсауын кескен.

Әже (кейіпкер)

Айналайын, қарақтарым!

Бала өмірге келгенде шілдеhana, бесік той жасаймыз.

Ал бала тәй-тәй басқанда тұсауын кесеміз.

Бұл-баланың жолы ашық, өмірі ұзақ болсын деген ырым.

(Музыка ойнайды, бала ортаға шығады)

Жүргізуші 2

Ендеше, бүгін бүлдіршініміздің тұсауын кесу үшін жолы ашық, жүрісі жылдам, елге сыйлы адамды шақырайық.

(Таңдалған адам шығады)

Жүргізуші 1

Тұсау ала жіппен байланады.

Ала жіп- адалдықтың белгісі.

Біреудің ала жібін аттамасын деген мағына береді.

Тұсау кесу сәті

(Ала жіп кесіледі, балаға жүріп өтуге көмектеседі)

Жүргізуші 2

Қадамың құтты болсын!

Жолың ашық болсын!

Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы азамат бол!

Хор: «Наурыз»

Тақпақтар:

Наурыз шаттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Ән саламыз бәріміз

Би билейміз бәріміз

Үміт

Наурыз тойы тамаша

Наурыз тойы жаңаша

Табиғатта тамаша

Тамылжып тұр жараса

Нұрәли

Наурыз келді еліме

Наурыз келді жеріме

Байлық, бақыт тілеймін

Бүкіл қазақ еліне

Ару

Ұлттық ойын: «Арқан тарту»

Жүргізуші 1

Құрметті қонақтар!

Бүгін біз қазақ халқының әдемі дәстүрінің бірі- тұсаукесерді тамашаладыңыздар!

Ұлыстың ұлы күні баршаңызға құт -береке әкелсін! Наурыз құтты болсын!

Аружан

Наурыз келді алақай

Кел билейік балақай

Бізде қарап тұрмайық

Тойға шашу шашайық

Ахмет

Наурыз келді жыл келді

Бар айнала гүлденді

Табиғатым оянып

Бар айнала түрленді

Әмірхан

Қазақтың наурыз тойында

Қуаныштар көп болсын

Ақ тілектер айтылып

Көңіліміз тоқ болсын

